

Тәжірибелік сабақ №6.

Тақырыбы: Шөлгез (Шалкиіз) жыраудың өмірі және шығармашылығы.

Мақсаты: Шөлгез (Шалкиіз) жыраудың өмірі және шығармашылығы туралы мағлұмат алу, толғауларының ерекшелігін аңғарту, эпикалық дәстүрді жасаған ақын екендігін байқату, жыраулар поэзиясындағы орнын ашып көрсету.

Тапсырма: Толғауларын жаттау, талдау жасау

Пысықтау сұрақтары:

1. Толғаулардың негізгі тақырыптары.
2. Жырау толғауларының көркемдігі.
3. Жырау толғауларының негізгі сарыны.
4. Жырау мұраларының зерттелу, жиналу сипаты
5. «Битемірге айтқаны» толғауына әдеби-теориялық талдау.
6. Шығармаларының қазақ әдебиетіндегі орны.
7. Шалкиіз поэзиясының ерекшелігі және көркемдік сипаты.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Семинардың тақырыбымен танысып алған соң, қажетті әдебиеттерді іріктеп алу қажет. Бір сұрақтың айналасында айтылған түрлі авторлардың пікірлеріне іштей салыстырулар жасап, түйінді жерлерін қағаз бетіне түсіру керек. Осы мәселе төңірегінде өз ойыңыз қандай, соны дәйектеніз. Бұдан соң белгілі бір тұжырымды дәлелдеу үшін өзіңіз оқыған көркем туындылардан, сын мақалалардан мысалдар келтіріңіз.

Қатынасы биік көлдерден

Қатар түзеп қу ұшар,
Алға сап тіз оқ ата көрмеңіз,
Қандыауыздан сыйлы жебе сайламай
Атаның ұлы ер жігітке
Арту-арту бел келер,
Оқтан қатты сөз келер.
Алға сап жауап бермеңіз,
Арғы түбін ойламай!

Шағырмақ бұлт жай тастар,

Ағытқан қойды жол бастар,
Ақ желкенді жел бастар,
Ғадыл төре ел бастар,
Батыр жігіт қол бастар,
Шешен адам сөз бастар.
Құсты жисаң - бүркіт жи,
Қыс тоынды түлкі етер,
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас, тозбас мүлкі етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Күндердің күні болғанда,
Жүмле ғаламға күлкі етер.

Есеп беру түрі: ауызша, толғауларын талдау, жатқа айту